



Сақшының сенімді серігі



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Тергеудің негізгі дәлелі – бейнебақылау камераларының жазбасы. Полицейлер камерадағы материалдарды кезең-кезеңімен зерделеп,

тісінің қысқа мерзімде ашылуы. Полицияға 60 жастағы қала тұрғыны жүгініп, кешке үйінің ауласына қойған көлігін таңертең үшті-күйлі жоғалғанын хабарлаған. Хабарлама түскен бойда жедел іздестіру шаралары басталып, бейнебақылау жүйелеріндегі жазбалар тексерілді.

Полицейлер бейнематериалдарды саралап, қылмыстың нақты жасалған уақытын анықтады. Бұдан кейін күдіктілердің қозғалыс бағыты бірнеше камера арқылы кезең-кезеңімен бақылауға алынды. Нәтижесінде ұрланған автокөлік соңғы анықталған мекенжайдан табылып, көп ұзамай күдіктілер де ұсталды. Олар – көрші көшеде тұратын 19 жастағы жігіт пен оның танысы болып шықты. Бұл оқиға бірнеше бейнебақылау камерасынан алынған деректердің бір-бірімен байланыстырылып, бірыңғай цифрлық із қалыптастыруының тиімділігін көрсетті.

Мұндай тәжірибе қылмысты ашуға кететін уақытты қысқартып қана қоймай, дәлелдемелік базаның сапасын да арттырады. Бейнекамера жазбалары тергеу барысында оқиғаның хронологиясын қалпына келтіруге, күдіктілердің қозғалысын нақтылауға және дәлелдерді объективті түрде бекітуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау органдарының жұмысына қойылатын талаптар да уақыт талабына сай жаңарып келеді. Бүгінгі қоғам жылдамдықты, ашықтықты және дәлдікті талап етеді. Сондықтан, полиция қызметі де патрульдеумен шектелмей, деректерге негізделген басқару моделіне көшіп жатыр. Мұны жол қауіпсіздігі саласынан анық байқауға болады.

Облыс аумағында өткен «Қауіпсіз жол» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында 2800 астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі анықталды.

➤ 3-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жырау рухы жебеді



«Айбоз» ұлттық сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жанқашұлы Ақтамберді Сарыұлының 350 жылдығына арналған республикалық мұшайрада бас жүлде – автокөлік жеңіп алды.

Абай облысы, Аягөз ауданында өткен «Ерлікті, елдікті жырлаған – Ақтамберді» атты жыр додасы даңқты жыраудың батырлық болмысын, елдік мұраты мен рухани мұрасын дәріптеуге арналды. Елдің әр өңірінен жолданған 160 туындының арасынан Жанат Жанқашұлының «Күбір» атты өлеңі үздік танылып, бас жүлдеге ие болды.

Қазылар алқасына Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тыныштықбек Әбдікәкімұлы жетекшілік етті. Байқауға бұрын еш жерде жарияланбаған шығармалар қабылданып, жырлар авторлардың аты-жөні көрсетілмей, жабық тәртіппен бағаланды.

Жанат Жанқашұлының «Күбір» өлеңінде Ақтамберді дәуірінің арпалысы мен бүгінгі ұрпаққа жеткен елдік рух көркем сабақтастықпен өрілген. Темір тұлпарды тақымына басқан ақынды жеңісімен құттықтаймыз!

Өз тілшімізден



Коллажы жасаған Арыстан Қолжыра

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бейнекамера қалт жібермейді

Мыңдаған бейнекамера, интернеталдау, Face ID технологиясы, көліктерге орнатылған мобилді бақылау кешендері, дрондар және түрлі ақпараттық платформалар тәулік бойы

қоғамдық кеңістікті бақылап, құқық бұзушылықтарды тіркейді.

Бұрын құқық қорғау саласында «қылмысты ашу» басты көрсеткіш еді. Бүгінде әлемдік тәжірибеде «қылмыстың алдын алу» – негізгі өлшем. Себебі, ашылған қылмыс – белгілі бір деңгейде жіберілген оқылмастың салдары болса, алдын алынған құқық бұзушылық – қоғамның қауіпсіздігін сақтап қалған

сағат 02:45 шамасында тіркелген. Полицияның кезекші бөліміне қырағы тұрғын хабарласып, жергілікті дүкендердің бірінің есігі бұзылғанын жеткізеді. Оқиға орнына жеткен жедел-тергеу тобы есіктің күштеп ашылғанын анықтап, дүкен иесін шақыртады. Тексеру барысында қассадағы ақша мен бірқатар азық-түлік өнімдерінің ұрланғаны белгілі болған.

күдіктілердің қозғалыс бағытын, киім үлгісін және әрекеттерін толық нақтылады. Нәтижесінде күдіктілердің жеке басы қысқа мерзім ішінде анықталып, көршілес көшеде тұратын 22 және 23 жастағы жергілікті тұрғындар ізін суытпай ұсталды.

Бейнебақылау жүйесінің тағы бір нақты нәтижесі – Қарағандыда автокөлікті заңсыз иелену фак-

• «БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»

Жергілікті өнімге жаһан қызығады

«Бір ауыл – бір өнім» жобасының облыстық кезеңінде үздік таңылған он кәсіпкер енді республика деңгейіндегі байқауда өңір намысын қорғайды. Быылғы бренд-комитет құрамында Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JIICA) өкілдері бар. Жапондықтар жергілікті кәсіпкерлердің өнімдеріне жоғары баға беріп отыр. Шетелдік сарапшылардың назарын бұйымдардың табиғилығы, ұлттық ерекшелігі өндірістік әлеуеті аудартады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жапонияда бастау алған «Бір ауыл – бір өнім» бастамасы Қарағанды облысында 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Жобаның негізгі мақсаты – жергілікті шикізатқа негізделген өнімдерді қолдап, ауыл кәсіпкерлерінің нарықтағы мүмкіндігін кеңейту. Байқаудың басты шарты бойынша өнімнің кемінде 90 пайызы өңірлік шикізаттан дайындалуы тиіс.

Қарағанды облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісовтің айтуынша, жоба жеңімпаздарға тек марапатпен шектелмейді. Оларға кешенді қолдау ұсынады.

– Финалистерге өндірісті дамыту, эк-



портқа шығу, бренд қалыптастыру, тауарлық белгіні тіркеу, өнімді сертификаттау және заманауи технологиялар бағытында қолдау көрсетіледі. Үздік он кәсіпкер республикалық кезеңде Қарағанды облысының атынан бақ сынаиды, – деді ол.

Агенттіктегі жоба жетекшісі Харагучи Акихиса халықаралық нарықта өнімнің сапасымен қатар қаптамасы, дизайны да мәнге ие екенін айтады.

– Бәсекеге қабілетті өнім жасау үшін сапамен бірге қаптамаға да ден қойылуы

керек. Бұл жоба алғаш Қырғызстанда табысты жүзеге асырылып, кейін Қазақстан мен Тәжікстанда жалғасын тапты. Биыл Өзбекстан да осы бастамаға қосылды. «Бір ауыл – бір өнім» ауыл кәсіпкерлеріне халықаралық нарыққа жол ашады, – деді жапон маманы.

Үздік ондыққа енген қарағандылық шебер Ольга Целлер өңірдің брендіне айналған антрацит көмірінен ұлттық нақыштағы әшекейлер жасайды. Оның туындылары Миландағы сән апталығында таныстырылып, Германия, Польша, Ресей және Жаңа Зеландияға дейін экспортталған.

Айта кетерлігі, Харагучи Акихиса презентация барысында жасанды интеллект көмегімен «көмірден жасалған әшекейлер» деп іздеу жүргізгенде алғашқы нәтиже дәл Ольга Целлердің есімі шыққанын ерекше атап өтті. Бұл қарағандылық өнімнің халықаралық деңгейде танылып келе жатқанын көрсетеді.

Биылғы финалға Айдаана Оспанова («Ханшайым» жартылай фабрикалары), Лаура Жанабаева (табиғи сабын), Жанерке Әмірханова (виттрасс өнімдері), Елена Нивиденская (киіз бұйымдары), Ольга Целлер (көмірден жасалған әшекейлер), Эльмира Каппасова (ұлттық тәттілер), Шолпан Тұрдышева (кепітірілген және консервіленген көкөністер), Күндыз Халпан (шығырғанак өнімдері), Жаннұр Төлеубаева (жүн өңдеу және киіз бұйымдары)

және Наталья Вшивцева (тері мен табиғи минералдардан жасалған картиналар мен сувенирлер) өтті.

Финалистерге өнімді сертификаттау, штрих-код алу, бренд қалыптастыру, маркетингтік мен сауда желілеріне шығу бағытында жан-жақты қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ, өндірісті жаңғыртуға арналған 5 миллион теңгеге дейінгі гранттарға қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Облыста бұл жоба төрт жыл ішінде 153 көлөнерші мен өндірушіні біріктірді. Оның 95-і кәсіпкер болса, 58-і – кәсіп бастауға ниетті тұрғындар. Бұған дейінгі финалистердің алтауы 5 миллион теңгеге дейінгі грант иеленсе, тағы бірнеше кәсіпкер жобаларын өз қаражаты есебінен жүзеге асырған. Бүгінде Қарағанды өңірінде өндірілген өнімдер тек ішкі нарықпен шектелмейді. Бұрынғы финалистердің бұйымдары Жапония, Қытай, Түркия, Германия, Польша, Франция, Иордания, Канада және АҚШ нарықтарына шығып үлгерген. Өткен ғасырдың 70-жылдары Жапонияның Оита префектурасында бастау алған «Бір ауыл – бір өнім» жобасы бүгінде әлемнің 30-дан астам елінде жүзеге асырылып келеді. Оның басты қағидасы өзгерген жоқ. Жергілікті ресурсты тиімді пайдалану арқылы ауыл экономикасын дамыту және өңірдің өзіндік брендін қалыптастыру.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

Шетелде дауыс беру

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

• РЕСМИ

Гидтерге талап күшейеді

1 тамыздан елімізде гидтер, экскурсия жүргізушілері және туризм нұсқаушылары үшін бірінғай жұмыс қағидалары күшіне енеді. Жаңа тәртіп туристік қызметтердің сапасын арттыруға, саяхатшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және сала мамандарының жауапкершілігін нақтылауға бағытталған.

Туризм және спорт министрлігі бекіткен ережеге сәйкес, туристік қызмет енді міндетті түрде клиентпен жасалған келісімшарт негізінде көрсетілетін. Құжат рәсімделген кезде туристер өздері және сапарға қатысатын өзге тұлғалар туралы қажетті мәліметтерді ұсынуы тиіс.

Жаңа талаптың бірі – гидтер мен экскурсия жүргізушілерінің туристерді алдағы сапар туралы алдын ала толық хабарлар ету міндеті. Мамандар саяхат басталғанға дейін кемінде үш күн бұрын бағыттың ерекшеліктері, жергілікті заңнама, халықтың салт-дәстүрлері, көрікті орындар, сондай-ақ, кездесуі мүмкін қауіп-қатерлер туралы жан-жақты ақпарат беруге міндетті.

Қауіптілігі жоғары бағыттар бойынша ұйымдастырылатын сапарларда туристер ықтимал тәуекелдермен танысқанын жазбаша түрде растауы қажет. Ал, төтенше жағдай орын алған жағдайда гид немесе туризм нұсқаушысы бұл туралы дереу құзырлы мемлекеттік органдарға және туристің жақындарына хабарлауға міндеттеледі.

Маман ретінде қызметті бастау тәртібі де сақталады. Бұрынғыдай гидтер Қазақстан Республикасының азаматы болуы және eLicense.kz порталы арқылы тиісті хабарлама жолдауы қажет. Сонымен бірге, жаңа қағидалар сала өкілдеріне өз қызметін жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысанын өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді.

Министрлік хабарламалар негізінде гидтер, экскурсия жүргізушілері және туризм нұсқаушыларының электрондық тізілімін жүргізеді. Бұл ақпарат министрліктің және Kazakh Tourism ұлттық компаниясының ресми интернет-ресурстарында жарияланып, туристерге қызмет көрсетуші маманның ресми тіркелгенін тексеруге мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

Кенді өлкенің тынысы кен

Кен өндірісімен еңсе тіктеген Шахтинск монокаласы да жанғырудың жаңа кезеңіне қадам басты. Мұнда жылу энергетикасы, жол, денсаулық сақтау және тұрғын үй инфрақұрылымын жаңартуға бағытталған бірқатар ірі жоба жүзеге асырылуда. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарында жұмыстардың барысын тексеріп, жауапты басшыларға мерзім мен сапа талабын қатаң сақтауды тапсырды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, аймақ басшысы алдымен, Шахтинск жылу электр орталығындағы алдағы жылыту маусымына дайындықпен танысты. Кәсіпорында жаңғырту кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде негізгі және қосалқы жабдықтар мен жылу желілерінің тозу деңгейі төмендеуде. Биыл орталықтағы үш негізгі қазандық жөнделіп, маңызды жабдықтар жаңартылған.

«Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС директорының міндетін атқарушы Абылай Сейдүлінің айтуынша, №1, №3 және №4 қазандық агрегаттарында, сондай-ақ, электр цехындағы төрт негізгі ажыратқышта жөндеу жүргізіліп жатыр. Барлық жұмыс бекітілген кестеге сай.

– Біз орташа жөндеумен ғана шектелмей, жылу көзін ұзақ мерзімді жаңғыртуға да баса мән беріп отырмыз. Мәселен, қазандықтарды жаңартумен қатар, қаладағы 8,4 шақырым магистральдық және орамшылдық жылу желісін ауыстыру жоспарланған. «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Молодежная көшесіндегі жылу магистралін қайта құру басталды. Биыл екі шақырым құбыр жаңартылып, қалған бөлігі келесі жылы ауыстырылмқ. ЖЭО ғимаратында электр станциясының бас басқару қалқаны жаңғыртылып, қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту мақсатында монша кешені де жабдықталған, – деді ол.



Жұмыс сапары барысында «Қарағанды-Саран-Шахтинск» бағытындағы ұзындығы 19 шақырым күрежолдың күрделі жөндеуі де назарға алынды. Қазір жолдың 16 шақырымында асфальтбетон жабынының үш қабаты төселген. Қалған бөлігін жыл соңына дейін аяқтау жоспарда бар.

Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Максұт Қожановтың айтуынша, жол жамылғысы осы аумақтағы қарьерлерде қиыршық тас пен құм қорының молдығы ескеріліп, күшейтілген технологиямен төселуде. Топырақ суынан қорғау және жолдың ісінуіне жол бермеу үшін геотекстиль қолданылып жатыр.

Биыл Шахтинск өңірінде облыстық маңызы бар, жалпы ұзындығы 26,2 шақырым жолды жөндеуді қамтитын алты жоба іске асырылуда. Сонымен қатар, Шерубай-Нұра өзені үстіндегі көпір қайта жаңғыртылып, Ленин атындағы және «Қазақстан» шахталарына апаратын кірме жолдар ретке келтірілуде. Жолдардың мерзімінен бұрын бүлінуіне жол бермеу үшін трассаларға шамадан тыс жүк артқан көліктерді автоматты түрде анықтайтын өлшеу жүйелері орнатылады.

Облыс әкімі орталық қалалық ауру-

Қағазбастылық кеміп, қызмет жеңілдеді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында мемлекеттік қызметті цифрландыру, оның сапасы мен тұрғындарға қолжетімділігі мәселелері жан-жақты қаралды. Аймақ басшысы рәсімдердің оңтайландырылуы, заңнама талаптарының қатаң сақталуы жөнінде жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктетті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы бірінші жартыжылдықтағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасы туралы облыстың цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Константин Ильницкий баяндады.

– Бүгінде облыста 199 мемлекеттік қызметтің 162 шағын түрі көрсетіледі. Олардың 90 пайыздан астамы электронды форматта. Тұрғындардың цифрлық платформалар мен мобильді қосымшалардың сервистерін кеңейту жалғасуда. Жыл басынан бері облыс тұрғындарына 9 миллионнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,1 пайызға көп. Барлық қызметтің 99,7 пайызы электронды түрде ұсынылған, – деді басқарма басшысы.

Константин Ильницкийдің баян етуінше, мемлекеттік қызметтердің ең көп көлемі денсаулық сақтау, білім беру және халықты жұмыспен қамтуға тиесілі. Тұрғындар арасында дәрігер қабылдауына жазылу, мектепке дейінгі және орта білім беру қызметтері, сон-

дай-ақ, жұмыс іздеушілерді тіркеу мен жұмыспен қамтуға қатысты қызметтер жоғары сұранысқа ие.

Өңірде тұрғындардың мемлекеттік қызметтерді цифрлық жолмен алу дағдыларын қалыптастыруға да ерекше

көңіл бөлініп отыр. Қазіргі уақытта облыс бойынша азаматтарды қабылдайтын 13 орталық жұмыс істейді. Бұдан бөлек, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық орындарда 1601 өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылған. Мұн-



Өңірлерді дамыту

хананың күрделі жөндеу жұмыстарын да көрді. Медициналық мекемеде жылыту радиаторлары мен өртке қарсы су құбыры толық ауыстырылған. Қазір ішкі әрлеу, инженерлік желілерді, шатыр мен қасбетті жаңарту жұмыстары жалғасуда.

Аурухананың материалдық-техникалық базасы да нығайтылып келеді. Медициналық мекемеге заманауи құрылғылар, соның ішінде компьютерлік томограф сатып алынған.

Шахтинскіде тұрғын үй құрылысы да қарқын алған. Жеке инвестициялар есебінен қалада бескабатты, 180 пәтерлі жаңа тұрғын үй салынып жатыр.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімі Шахтинск тұрғындарымен де кездесті. Ашық микрофон форматында өткен жүздесуде қала жұртшылығы жол жөндеу, абаттандыру, газдандыру, коммуналдық инфрақұрылым және аурухана жұмысына қатысты мәселелерді көтерді. Ермағанбет Бөлекпаев қаладағы өзекті мәселелердің кезең-кезеңімен шешіліп келе жатқанын атап өтті. Шахтинскіде шамамен 50 шақырым су құбыры желісін қайта жаңғырту аяқталуға жақын, ал, Новодолинский кентінде жаңа су құбырының құрылысы жалғасуда.

Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбековтің мәліметінше, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жеті балалар ойын алаңы салынады. Кенттерде тағы 12 ойын алаңы жөнделіп, футбол алаңдарын жаңарту жұмыстары жалғасуда. Биыл қалада қосымша 336 көше жарығының тірегі орнатылып, нәтижесінде жарықтандырылмаған көшелер қалмауға тиіс. Кездесуде көтерілген бірқатар мәселе бойынша облыс әкімі жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берді.

Жұмыс сапарын қорытындылаған Ермағанбет Бөлекпаев қаладағы негізгі инфрақұрылымдық жобалардың барлығы жоспарға сай жүзеге асып жатқанын атап өтті.

– Жолдарды жөндеу, жылу желілерін қайта жаңғырту және ЖЭО-ны жаңарту жұмыстары жалғасуда. Біздің міндетіміз – тұрғындарды сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз етіп, алдағы жылыту маусымының тұрақты өтуіне жағдай жасау. Тұрғындармен кездесулерде көтерілген мәселелердің барлығы бақылауда. Ол бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр, – деді облыс әкімі.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

да тұрғындар мамандардың көмегімен электронды қызметтерді өз бетінше алады.

Облыс әкімі мемлекеттік қызметтің сапасы мемлекеттік органдар жұмысының негізгі көрсеткішінің бірі екенін атап өтті.

– Барлық мемлекеттік орган көрсетілетін қызметтердің заңнама талаптарына сәйкес, сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауына баса мән беру қажет. Мемлекеттік қызметтің қолжетімділігі, ашықтығы мен сапасы – халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтатын негізгі факторлардың бірі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, аймақ басшысы облыстық цифрлық технологиялар басқармасына қала және аудан әкімдіктерімен, облыстық басқармалармен бірлесіп мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүйелі бақылау орнатуды тапсырды. Қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету, заңнама талаптарын бұзуға жол берген лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігін күшейту міндеті қойылды.

Аппарат жиынында берілген тапсырмалардың орындалуы тұрақты бақылауда болады. Жауапты мемлекеттік органдар цифрлық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін одан әрі арттыру, халыққа қолайлы сервистерді дамыту және көрсетілетін қызметтердің тиімділігін күшейту бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырады.

Насихат науқаны қарқын алды



Облыста сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары қарқын алып келеді. Саяси партиялардың өңірлік штаб өкілдері тұрғындармен және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізіп, сайлауалды бағдарламаларын таныстыруда, кәсіпорындар мен әлеуметтік нысандарды аралап, ашық диалог алаңдарын ұйымдастыруда. Кездесулер барысында азаматтардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау, экология, инфрақұрылым және әлеуметтік саясатқа қатысты өзекті мәселелер талқылануда.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, «Әділет» саяси партиясы облыстық штабының мүшелері мен белсенділері «Бейтән есікке» республикалық акциясы аясында тұрғындармен кездесулер өткізіп, кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Ұйымдастырушылар акцияны өткізуде азаматтармен тікелей байланыс орнатып, партияның бағдарламалық бағыттары мен бастамалары туралы ақпарат беру һәм тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдауды көздеген. Іс-шара барысында партия өкілдері әр тұрғынмен жеке тілдесіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың әлауқатын арттыру, кәсіпкерлікті қолдау, еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамалар жөнінде ақпараттын ұсынды.

Сонымен бірге, тұрғындарға партияның ақпараттық-насихат материалдары таратылып, олар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Азаматтар өзекті мәселелерді көтеріп, инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту салаларына қатысты ұсыныстарын білдірді.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының жергілікті штабы да сайлауалды жұмыстарын жалғастыруда. Бұл жолы партия өкілдері спорт саласының өкілдерімен кездесіп, көпшілікке өз бағдарламасының негізгі бағыттары мен басым бастамаларын баян етті.

Партияның жергілікті штабының делегациясы «Шахтер» футбол клубының басшылығымен кездескенін де атап өткен жөн. Басқосуда өңірдегі спорт инфрақұрылымын дамыту мәселелері, балалар мен жасөспірімдер футболын қолдау және клубтың биылғы маусымдағы келешегі талқыланды. Бұдан бөлек, штаб өкілдері клубтың қосалқы арасында өткен «Шахтер» – «Арыс» командалары арасындағы футбол матчын тамашалады.

Сонымен қатар, үгіт-насихат науқаны аясында аталған партия өкілдері аймақ аумағында партиялық ұнпарактар ілінгенін хабарлады. Ақпараттық материалдар негізінде тұрғындарға партияның ұстанымы таныстырылды.

Құрылтай депутаттығына үміткер ретінде «Байтақ» партиясынан тіркелген кандидат Сәуле Қамытбекова Теміртау қаласындағы бірқатар өндіріс орындарын, оның ішінде, «Qatmeb» кәсіпорнын аралады.

Іссапар аясында кандидат кәсіпорнын қызметкерлерімен пікір алмасып, партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған негізгі басымдықтар мен қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздікті күшейту және орнықты өндірісті дамытуға бағытталған бастамаларды мәлім етті.

Жиын соңында қатысушылар ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, өңірдің өндірістік әлеуетін арттыру мен еңбек адамын қолдауға қатысты өзекті мәселелерді алға тартты. Партия белсенділері де еңбек адамдарының тарапынан жолданған ұсыныс-пікірлерді егжей-тегжейлі саралап, екіжақты пікір алмасу орын алды.

Ал, Қазақстан Халық партиясының (КХП) жергілікті штабының өкілдері өңірдегі еңбек ұжымдарымен бірқатар кездесу өткізіп, әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті мәселелері жөніндегі ой-пікірін ортаға салды.

«Автопарк №5» ЖШС-де өткен алғашқы кездесуде партия өкілдері кәсіпорнын қызметкерлерімен жүздесіп, еңбек жағдайы, жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуы және өңірдің көлік саласын дамыту басымдықтары жөнінде пікір алмасты. Мұнан соң делегация облыстағы жетекші нан өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың бірі – «Қарағанды нан»

АҚ-ға ат басын тіреді.

Жиын соңы «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС-дегі басқосуға ұласты. Онда аймақтың энергетикалық тұрақтылығы, инфрақұрылымды жаңғырту және энергетика саласы қызметкерлеріне арналған партияның әлеуметтік бастамалары сөз болды.

Ал, «Ауыл» партиясының өкілдері үгіт-насихат жұмысы барысында Орталық саябаққа ат басын тіреді. Онда «Ауыл» партиясының облыстық сайлауалды штабының үгіт-насихаттық киіз үйі жұмыс істеді.

Қолға алынған шара аясында қала тұрғындары мен қонақтарына партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, негізгі басымдықтары туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, келушілер көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, пікір алмасуға мүмкіндік алды.

Кездесу барысында партия өкілдері азаматтармен ашық форматта тілдесіп, тұрғындардың ұсыныстары мен сауалдарын тыңдады. Одан бөлек, ақпараттық материалдар таратылып, партияның бастамалары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, бұл кездесулер тұрғындармен тікелей байланыс орнатуға, сайлауалды науқан аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

«Ақ жол» партиясының облыстық сайлауалды штабы үгіт-насихат жұмыстары аясында Қарағанды қаласы мен Ақтоғай ауданы аумағында бірқатар кездесулер ұйымдастырды.

Штаб өкілдері Ақтоғай ауданының Еңбек, Шабанбай би және Ақжарық ауылдық округтерінің тұрғындарымен, сондай-ақ, аудан халқымен кездесті. Кездесулер барысында қатысушыларға партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

Сонымен бірге, Қарағандыдағы «Евразиян Фудс» кәсіпорнының еңбек ұжымымен де кездесу өткізді. Онда партия өкілдері ұжым мүшелерімен пікір алмасып, сайлауалды бағдарлама аясындағы басымдықтар жөнінде ақпарат берді.

Ал, Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Ходжаназаров кеншілер өлкесіне жасаған жұмыс сапары барысында бірқатар кәсіпорындар мен әлеуметтік нысандарды аралады.

Сапар аясында партия төрағасы «Баймырза-Агро 2018» және «Нұр СХ» ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысты. Сонымен қатар, «Корзина» сауда-өндірістік кешеніне, «Қарағанды Жарық» ЖШС-не және «Луч» нейроаппарату орталығына барды.

Кездесулер барысында кәсіпорындардың қызметі, өндіріс барысы және жұмыс ұжымдарының қызметі таныстырылды және түрлі сала өкілдерімен пікір алмасу өтті.

Жұмыс сапары аясында С.Сапиев атындағы бокс орталығында «MADE IN REPUBLICA» атты үгіт-насихат форумы ұйымдастырылды. Форум барысында партияның сайлауалды бағдарламасы мен партия қызметінің негізгі басым бағыттары таныстырылып, қатысушылармен ашық форматта кездесу өтті.

Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясындағы барлық кездесулердің негізгі өзегі – азаматтармен ашық байланыс орнатып, қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылау. Облыста өкілдіктері тіркелген барлық саяси партия өкілдері тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бастамаларын таныстыруда. Мұндай диалог алаңдары халықтың үнін естуге, қоғамдық сұраныстарды саралауға және алдағы міндеттерді айқындауға мүмкіндік береді.

Таңдау тағдырды айқындайды

«Кенесіп пішкен тон келте болмайды». Қазақтың осы бір ұлағатты сөзінде ел басқару мәдениетінің терең мәні жатыр. Ұлы Далада халық тағдырына қатысты маңызды шешімдер бір адамның ғана емес, көптің ой-пікірі ескеріліп қабылданған. Елдің бірлігі, жердің тұтастығы, мемлекет болашағы сияқты іргелі мәселелер кеңес арқылы шешіліп отырған. Осындай қоғамдық келісім мен ортақ жауапкершілікке негізделген дәстүрдің бір көрінісі – Құрылтай институты.



Коллаж: Анастасия Айбек Рахымов

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Құрылтай – қазақ тарихында кездейсоқ пайда болған ұғым емес. Ол түркі және дала мемлекеттеріндегі елдік мәселелер талқыланатын маңызды саяси кеңес ретінде қалыптасты. Тарихтағы Құрылтайлар мемлекет басқару, ішкі тұрақтылық, ортақ шешім қабылдау сияқты маңызды міндеттерді жүзеге асыруға қызмет етті. Сондықтан, Құрылтайды тарихи атау ретінде ғана емес, халықтың пікірін ескеруге негізделген басқару мәдениетінің жалғасы ретінде қарастыруға болады.

Қазақстанның жаңа саяси кезеңі ең алдымен конституциялық өзгерістерден бастау алады. Елімізде жүргізілген ауқымды реформалардың құқықтық негізі – жаңа Конституция. Ата Заңдағы өзгерістер қоғамның алдағы даму бағытын айқындап, мемлекеттің басқару жүйесін жетілдіруге бағытталды. Бұл маңызды құжатты халықтың қолдауы елдің болашағына қатысты шешімдердің жалпыұлттық деңгейде қабылданғанын көрсетеді.

Конституция – мемлекеттің, әр азаматтың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын басты құқықтық құжат. Ондағы қағидаттар барлық азамат үшін ортақ. Заң үстемдігі мен тәртіптің сақталуы – тұрақты қоғам құрудың негізгі

шарттарының бірі. Сондықтан, жаңа кезеңдегі барлық өзгеріс ең алдымен заң талаптарына сәйкес жүзеге асуы тиіс.

Осы конституциялық жаңғыру аясында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар тың бастама ұсынылуда. Соның бірі – қос палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай құру туралы ұсыныс. Құрылтай заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган ретінде жұмыс істеуі көзделді.

Жаңа модельдің басты мақсаты – мемлекеттік шешім қабылдау үдерісін тиімді ету, заң шығару сапасын арттыру және қоғамның сұранысына жедел жауап бере алатын жүйе қалыптастыру. Бір палаталы құрылым заң жобаларын қарау мен қабылдау рәсімдерін оңтайландырып, ел дамуы үшін маңызды шешімдерді уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді.

Құрылтай депутаттарын сайлау халықтың тікелей таңдауына негізделеді. Азаматтар өздері сенім білдіретін кандидаттарға дауыс беріп, елдің болашағына қатысты маңызды шешім қабылдау үдерісіне қатысады. Бұл – әр ел азаматтың азаматтық жауапкершілігін арттыратын мүмкіндік. Өйткені, мемлекеттің даму бағыты билік институттарына ғана емес, халықтың саналы таңдауы

мен белсенді қатысуына да байланысты.

Құрылтай сайлауы заң талаптарына сәйкес, белгіленген тәртіппен, ашық әрі әділ қағидаттар негізінде өткізіледі. Кандидаттардың қатысуы, сайлаушылардың еркін таңдауы, дауыс беру рәсімдерінің сақталуы – құқықтық мемлекеттің басты талаптары. Заң баршаға ортақ болған жағдайда ғана қоғамдағы сенім нығайып, тұрақты даму қамтамасыз етіледі. Ұсынылып отырған жобаға сәйкес, Құрылтай 145 депутаттан тұрады. Олар жалпыұлттық сайлау округі бойынша пропорционалды жүйемен бес жыл мерзімге сайланады. Одан бөлек, депутаттардың өкілеттігі, Құрылтайдың жұмыс тәртібі және заң қабылдау рәсімдері жаңа құқықтық нормалармен айқындалады.

Бір палаталы жүйенің ерекшелігі – заң шығару үдерісін ықшамдау мүмкіндігі. Қазіргі таңда заң жобалары бірнеше кезеңнен өтеді. Ал, жаңа модельде бұл рәсімдерді оңтайландыру арқылы экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге жедел құқықтық жауап беру мүмкіндігі қарастырылады.

Дегенмен, кез келген реформаның басты өлшемі – оның халық өміріне әкелетін нақты нәтиже. Мемлекеттік институттардың тиімді жұмысы экономиканың дамуына, кәсіпкерліктің өркенде-

Сақшының сенімді серігі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның ішінде, мас күйінде көлік жүргізген ондаған жүргізуші, қарсы бағытқа шыққан азаматтар, көлік жүргізу құқығынан айырылғанына қарамастан, рөлге отырған тұлғалар және жалған мемлекеттік нөмір пайдаланған фактілер тіркелді.

Бір жүйе – бірнеше міндет

Облыс аумағында енгізілген цифрлық бақылау жүйелері жол қозғалысы және қоғамдық қауіпсіздіктің барлық бағытын қамтитын кешенді экосистемге айналып келеді.

Биыл қалада іске қосылған «Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі» – соның жарқын дәлелі. Face ID технологиясымен жабдықталған

интеллектуалды кешен бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кеткендерді анықтап, ішкі істер органдарының есебінде тұрған адамдарды да таңуға мүмкіндік береді.

Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Жаскайрат Қайыров мұндай кешендерді енгізудегі басты мақсат – азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау екендігін айтады. Мәлімдеуінше, жыл басынан бері облыста жаяу жүргіншілердің қатысуымен 54 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 5 адам қаза тауып, 50-і жарақат алған. Сонымен бірге, жаяу жүргіншілер тарапынан жол жүру қағидаларын бұзудың 10 мыңнан астам фактісі анықталған.

Бүгінде әлемде «ақылды қала» тұжырымдамасы кеңінен дамуда. Сарапшылардың пікірінше, оның басты өлшемі – тұрғынның өзін қауіпсіз сезінуі. Қауіпсіздік барда



Сурет: Jd1

инвестиция келеді, кәсіпкерлік дамып, тұрғындардың өмір сапасы артады.

Бейнебақылау камералары күдікті қозғалысты ерте анықтап, интеллектуалды жүйелер қолдағы қауіпті мінез-құлықты тіркейді. Face ID іздеуде жүрген адамдар

ды таниды. Мобильді камералар көлік ағынын үздіксіз бақылайды. Дрондар көзден таса аумақтарды қамтиды.

Құқық қорғаудағы барша технологияның мақсаты – адамның өмірін сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Саяси партиялардың Құрылтай сайлауы бойынша сайлаушылармен кездесулер өткізу кестесі			
№	Партияның атауы	Кездесу орны	Күні мен уақыты
1.	«Әділет» саяси партиясы» ҚБ	Саңыраулар мәдениет үйінің акт залы, Н. Әбдіров даңғылы, 31.	2026 ж 29 шілде 11:00
		Қарағанды тамактану және сервис колледжінің акт залы, Баженов көшесі, 164.	2026 ж 21 тамыз 11:00
		«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы филиалының «Қарағанды облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» акт залы, Жәнібеков көшесі, 42.	2026 ж 03 тамыз 11:00
		«Жаңа Майқұдық» мәдениет үйі, Магнитогорская көшесі, 19.	2026 ж 30 шілде 11:00
		«Жастар» мәдениет үйі, Металлистер көшесі, 24/2.	2026 ж 31 шілде 11:00
2.	Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» ҚБ	«Теміржолшылар» мәдениет үйі, Момотова көшесі, 111.	2026 жылғы 05 тамыз 11:00
		«Жаңа Майқұдық» мәдениет үйі, Магнитогорская көшесі, 19.	2026 жылғы 03 тамыз 10:00
		«Жастар» мәдениет үйі, Металлистер көшесі, 24/2.	2026 жылғы 07 тамыз 10:00
		«Теміржолшылар» мәдениет үйі, Момотова көшесі, 111.	2026 жылғы 05 тамыз 10:00
		«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы филиалының «Қарағанды облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» акт залы, Жәнібеков көшесі, 42.	2026 жылғы 05 тамыз 09:00

Қарағанды қаласының әкімдігі

Трейлдің төрі – Бұғылы

Қарқаралы тағы бір мәрте халықаралық спорт пен туризмнің тоғысқан алаңына айналды. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Токтар Әубәкіровтің 80 жылдығына арналған халықаралық BUGYLY TRAIL 2026 марафонына Қазақстанның түпкір-түпкірінен және шетелден келген жүздеген спортшы қатысып, Бұғылы тауларының күрделі соқпақтарын бағындырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы додаға 400-ден астам желаяқ қатысып, жарыс соңғы жылдардағы ең ауқымды трейл-жүгіру фестивальдерінің біріне айналды.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралының табиғаты мен туризмін халықаралық деңгейде насихаттап келе жатқан BUGYLY TRAIL бүгінде кәсіби спортшылар мен әуесқой жүгірушілердің басын қосатын ірі спорттық оқиғаға айналды. Биыл марафон Токтар Әубәкіровтің 80 жылдық мерейтойына арналуы жарыстың маңызын одан әрі арттырды.

Марафонның ашылу рәсіміне Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Ильяшев мен облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының бұқаралық спорт бөлімінің басшысы Ринат Тілеубек қатысып, жарысқа жиналған спортшыларға сәттілік тілеп, бұл жарыстың бұқаралық спортты дамытудағы және өңірдің туристік әлеуетін арттырудағы маңызына тоқталды.

Биылғы дода әр деңгейдегі спортшыларға арналған бес бағыт бойынша өтті. Бір шақырымдық жарысқа жас спортшылар қатысса, бес шақырым әуесқой жүгірушілерге арналды. Shaitankol Trail бағыты бойынша 10 шақырымдық қашықтық Шайтанкөл көліне дейінгі көркем соқпақпен өтті. Bugyly Forest Trail жартылай марафонында қатысушылар 21 шақырымды өтсерсе, ең қиын сынақ – Bugyly Ultra Trail бағыты бойынша 50 шақырымдық ультрамарафон болды. Бұл бағыт Бұғылы жотасының ең көрікті жерлерін қамтып, биіктік айырмасы мың метрге жуық күрделі тау бедерімен ерекшеленді.

Марафон маршруттары Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің табиғи ландшафтарын қамтыды. Спортшылар Бұғылы жотасы, Шайтанкөл, Самал көлі,



Шокпартас, Жеті ағайын және Аюшат тауы маңындағы табиғи соқпақтармен жүгіріп өтті. Бұл бағыттар қатысушылардың тек жылдамдығын емес, төзімділігі мен тактикалық дайындығын да сынады.

Жарыс қорытындысында әр қашықтық бойынша үздіктер анықталды. Бір шақырымдық балалар жарысында Алтынбек Жайнатұлы мен Бибіноүр Мүси жеңімпаз атанды. Бес шақырымда Нұрлыбек Сәлмен мен Данаия Рахим мәреге бірінші болып жетті.

12 шақырымдық жарыста Сағат Баубек пен Ирина Ковгонок топ жарса, жартылай марафон – 21 шақырымда Нұрысбек Сексембай пен Динара Әбішева жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Ал, ең қиын саналатын 50 шақырымдық ультра-

рафонда Еркебай Әкім мен Гүлжан Шаменова жеңімпаз атанды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы марапаттарға ие болды. Ал, мәреге жеткен барлық қатысушыға естелік медаль табысталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, BUGYLY TRAIL-дің басты мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және Қарқаралы өңірінің туристік әлеуетін халықаралық деңгейде таныту. Қатысушылар географиясының жыл сайын кеңеюі бұл мақсаттың өз нәтижесін беріп жатқанын көрсетеді.

Суреттер Қарқаралы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінен

• КӨРКЕМ ЖҰЗУ

Азияны мойындатқан айбын

Таиландтың Бангкок қаласында өткен XII Азия чемпионатында Қарағанды облысының көркем жүзу шеберлері тарихи жетістікке қол жеткізді. Өңір спортшылары ұлттық құраманың қоржынына 35 медаль салып, командалық есепте Қазақстанның Азия чемпионы атануына шешуші үлес қосты. Бұл – еліміздің жасөспірімдер құрамасы үшін құрлық біріншіліктері тарихындағы ең үздік нәтиже.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Азия чемпионатына облыстық олимпиадалық резервтегі жүзу мектебінің, жоғары спорт шеберлігі мектебінің және Әлия Молдағұлова атындағы мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушілері қа-

рымен салыстырғанда күрделілігі төмендеу болғанымен, мінсіз орындалуының арқасында төрешілер оны Азия чемпионатындағы барлық дуэт арасындағы «ең үздік көрсеткіш» деп таныды. Сонымен қатар, 13-15 жас санатындағы команданың өнері де жоғары бағаланды. Бұл жетістікте бапкер Оксана Москвичёва-



тысты. Олар 25 алтын, 9 күміс және 1 қола медаль жеңіп алып, ұлттық құрамдағы ең нәтижелі спортшылар атанды.

Құрлық додасының чемпиондары мен жүлдегерлері қатарында Виктор Друзин, Даяна Жаманшалава, София Ищенко, Полина Мерзлякова, Анастасия Воронкова, Құралай Шәріпова, Даниял Сырлыбаев, Юлия Мишинева, Айсана Бұрамбек, Адия Жампейісова, Ева Лавренко, Милана Ашаханова, Артём Томчишин, Әсия Түсіпова, Жансая Шәуенова және Алиса Таранова бар.

Спортшыларды халықаралық жарысқа Елена Котова, Оксана Москвичёва және Мария Белозёрова баптады.

Қарағанды облысының көркем жүзуден жаттықтырушысы Елена Котованың айтуынша, бұл чемпионат бірнеше көрсеткіш бойынша тарихи нәтиже болды.

– Біз дәстүрлі түрде үш жас санатында өнер көрсеттік. Алайда, Азия чемпионаттарына қатысқан барлық жылдар ішінде алғаш рет үш санаттың да спортшылары осындай жоғары нәтижеге жетті. Әсіресе, 12 жасқа дейінгі дуэттің өнері ерекше бағаланды. Бағдарламасы қарсыласта-

ның еңбегі зор, – дейді Елена Котова.

Оның айтуынша, Азия құрлығында көркем жүзу спорты жылдан-жылға дамып келеді. Сондықтан, әр медаль – орасан еңбек пен табандылықтың жемісі.

Чемпионатта көзге түскен жас спортшының бірі – Теміртау қаласының 12 жастағы тұрғыны Даниял Сырлыбаев. Төрт жылдан бері көркем жүзумен айналысып жүрген ол бұл жеңіс ұзақ дайындық нәтижесі екенін айтады.

– Жаз бойы жаттығу жасадық. Оңай болған жоқ. Бірақ, еңбегіміз ақталғанына қуаныштымын. Алдағы мақсатым – Қазақстан құрамасы сайында халықаралық жарыстарда ел намысын абыроймен қорғау, – дейді жас спортшы.

Қарағандылық спортшыларды енді жаңа сын күтіп тұр. Тамыз айында жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өтеді. Одан кейін ұлттық құрама Азия ойындарына дайындықты бастайды. Бұл жарыста Қарағанды облысының өкілдері Виктор Друзин мен Даяна Жаманшалава Қазақстан намысын қорғайды.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

«Шахтер» «Арысты» шаң қаптырды

Футболдан Қазақстан Бірінші лигасының XV тур ойындары мәресіне жетті. Осы тур аясында қарағандылық «Шахтер» өз алаңында «Арыс» клубын қабылдап, жанкүйерлеріне жарқын жеңіс сыйлады. Тартысқа толы кездесуде жерлестер қарсыласын 4:1 есебімен тізе бүктіріп, турнир кестесіндегі маңызды үш ұпайды еншіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойындағы есепті алғаш болып қонақтар ашты. Кездесудің небәрі тоғызыншы минутында олар сол қаптал арқылы нәтижелі шабуыл ұйымдастырып, қорғаушы Мақсат Иманали ортадағы әріптестеріне әуелете пас бағыттаған. Допқа алғаш жеткен қорғаушы Бекзат Мансұров қарағандылықтардың қақпасынан саңылау тауып, командасын алға шығарды.

Алайда, жерлестер бұған мойынған жоқ. Керісінше, шабуыл қарқынын үдетіп, қос қапталдан қарсылас қақпасына қауіп төндіре бастады. Табандылықтың нәтижесі көп күттірмеді. Араға 20 минут салып, қарағандылықтар таразы басын теңестірді.



«Шахтер» кезекті бұрыштама добын сәтті пайдаланды. Бұрыштамадан көтерілген допка бірінші жеткен Рифат Нурмуғамет дәл соққымен қақпаны нысанаға алып, есепті теңестірді. Осылайша, алғашқы таймда қос команда үзіліске 1:1 есебімен шықты.

Екінші тайм басталғаннан кейін «Шахтер» ойын тізгінін қолға алып, шабуыл қарқынын үдете түсті. Кездесудің 77-ші минутында Артем Литош әріптесі Расул Акимовтың дәл пасын шебер қабылдап, еш ойланбастан қақпаға жойқын соққы жасады. Қарсылас қақпасы бұл соққыға тосқауыл қоя алмай, қарағандылықтар есепте алға шықты.

Араға жеті минут салып, Артем Литош тағы да мергендігімен көзге түсті. Бір жолы шабуыл оң қапталдан өрбіді. Әріптесі Арман Нүсіптің дәл пасын қабылдаған шабуылшы допты бірден қақпаға бағыттап, тағы бір қуатты соққымен қарсылас қақпасын көздеді. Осылайша, Литош дубль авторы атанып, «Шахтердің» басымдығын нығайтқан маңызды голдың авторына айналды. Есеп – 3:1.

Негізгі уақыттың аяқталуына бір минут қалғанда Артем Литош матчтағы үшінші голын соғып, «хет-трик авторы» атанды. Бұл шабуыл да оң қапталдан өрбіді. Арман



Нүсіп қарсылас команданың айып алаңына таяй бере алан ортасынан енгілеп шыққан Артемге дәл пас шығарды. Допты шебер тоқтатқан Артем қарсылас қорғаушысын қапы қалдырды. Нәтижесінде, «Шахтер» өз алаңында 4:1 есебімен камбэк жасады. Ал, хет-трик авторы «Ойынның үздігі» атанды.

Сонымен, «Шахтер» камбэк жасап, жеңіліссіз сериясын сегіз ойынға ұзартты. Ал, Артем Литош сұрмергендер тізімінде көшбасшылық позициясын нығайта түсті. Оның еншісінде қазір 13 гол мен алты нәтижелі пас бар. Ал, Рифат Нурмуғамет жеті голмен сұрмергендер тізімінде IV орында тұр.

Енді жерлестер 31 шілдеде қостанайлық «Тобыл» жастарымен сырт алаңда кездеседі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары

Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары

Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 284

№80 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ